



AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi Cilt:4 •Sayı:9•Temmuz 2016•Türkiye

## АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘЛЕЛЕРІ

Prof. Dr. Borash MİRZALİYEV\*

Doç. Dr. Aizhan ABİSHOVA\*\*

### АННОТАЦИЯ

Мақалада аграрлық сектордың тиімділігін арттыруда ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының маңызы және оны жетілдірудің өзекті мәселелері зерттелген. Ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымның салалары ең ірі, әрі еңбекті көп қажет ететін кешен болып табылатындылығы мен елдің әлеуметтік жағдайы мен даму болашағы онымен тығыз байланысты екендігі ашып көрсетілген. Сондықтан мемлекетте ауыл экономикасын реформалау барысында алдымен инфрақұрылымды дамытуға басым бағыт берілетіндігі дәлелденген. Өндірістік инфрақұрылымды құрудың түрлі кезеңдерінің өндірістік үдерістің дамуына да түрлі әсері болатыны белгілі. Өндіріс қалай дамыса, оның инфрақұрылымы да соған сәйкес ілгері басуы тиіс. Олар бір-біріне баламалы сипат алуы, еліміздің аграрлық секторы экономикасының ырғақты дамуы үшін өндірілген өнімнің көлемі ғана емес, ауылдың инфрақұрылымдық салаларын дамыту да өзекті екендігі қарастырылған.

**Түйін сөздер:** аграрлық сектор, ауыл инфрақұрылымы, реформа

## TARIM SEKTÖRÜNÜN VERİMLİLİĞİNİ ARTTIRMADA KÖYLERİN SOSYAL ALTYAPISININ ÖNEMİ VE ONU İYİLEŞTİRMENİN ASIL SORUNLARI

### ÖZ

Makalede tarım sektörün verimliliğini artırmada köylerin sosyal altyapısının önemi ve onu iyileştirmenin asıl sorunları araştırılmıştır. Kırsal alanlarda sosyal altyapısının alanları en büyük ve emek yoğunluğu talep eden kompleks olduğu ve ülkenin sosyal statüsü ile gelişim umutları bu tarım alanıyla yakından ilişkili olduğu açıklanmıştır. Bu nedenle, ülkede kırsal ekonomi reformasının uygulanması sürecinde ilk önce altyapısının gelişimine öncelikli yön verileceği kanıtlanmıştır. Sanayi altyapı oluşturmanın çeşitli aşamalarının üretim sürecinin gelişimine de çeşitli etkisi olacağı bellidir. Üretim nasıl gelişirse, onun altyapısı da ona göre ileriye gelişmesi gerekir. Onların birbirlerine alternatif halde olmaları, ülkemizin tarım sektörü ekonomisinin dinamik gelişimi için üretilen malın sade hacmi değil, kırsal altyapı alanların gelişmesinde önemli olduğu araştırılmıştır.

**Anahtar Kelimeler:** Tarım, kırsal altyapı, reform.

Ауылға көңіл бөлу және оның жағдайын жақсарту – мемлекеттік мәні зор іс. Кез келген экономикалық реформаның түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру. Еліміздің тәуелсіздігі жарияланғалы бері экономикамызда едәуір құрылымдық өзгерістер болды. Орталықтандырылған жоспарлы экономикадан бас тартқаннан кейін түпкілікті қайта құруларға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылды. Солардың нәтижесінде нарықтық экономиканың құқықтық негізі қаланды. Бәрімізге белгілі, нарықтық экономика ұғымы өндірістік және жер қатынастарын өзгертуді, баға белгілеу мен несие жүйесін ырықтандыруды, бәсекеге қабілетті нарықтық инфрақұрылым құруды қамтиды. Ауыл

\* A.Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Sosyal Bilimler Fakültesi, Ekonomi Bölümü, myrza.borash@mail.ru

\*\* M.Auyezov Güney Kazakistan Devlet Üniversitesi, Ekonomi Bölümü, m.auyezov@mail.ru

шаруашылығы өндірісін одан әрі дамыту аграрлық сектордың даму стратегиясын тұжырымдамалық тұрғыдан белгілеуді талап етті.

Осындай күрделі өтпелі кезеңде бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуін қамтамасыз етуді және ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің өндірісін тұрақтандыруды көздеген бағдарлама іске асырылды. Агроөнеркәсіптік кешендегі жағдайдың біршама тұрақтанғанына қарамастан, салада өтпелі кезеңнің бірқатар проблемалары сақталып қалды. Аграрлық саладағы одан арғы экономикалық өзгерістердің қисыны сапалық жағынан жаңа өсу деңгейіне өтуді талап етті. Аграрлық сектор мен ауыл адамдарының проблемаларын кешенді шешу үшін 2003-2005 жылдар «Ауыл жылдары» болып жарияланды. Сола уақыттағы өзекті міндеттерді шешу мақсатында Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы әзірленіп, іске асырылды. Осы жылдары агроөнеркәсіп кешенінің нарыққа бағдарланған заңнамалық базасын қалыптастыру, оны халықаралық тәжірибенің нормаларына сәйкес келтіру жөнінде біршама жұмыс жүргізілді. Бағдарламаның іске асырылуы тамақ өнімдерінің негізгі түрлері бойынша елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, тиімді, бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік туғызды.

Қазақстан Республикасының «Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру аяқталды. Осы жылдары ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарын дамытуға қаржыландырудың барлық көздерінен 976,0 млрд. теңге бағытталды.

Мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде атқарылған бұл жұмыстар ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға жағдайлар жасайтын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, ауылдардың орналасуын үлгілеу және мамандардың табысын арттыра отырып, оларды ауылдарда тұрақтандыру жөніндегі шаралар кешенін қамтиды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында еліміздің болашақтағы үлгілі дамуының өзіндік моделін қалыптастыруда «бұл – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру қағидаты. Қарапайым адамдардың әлеуметтік көңіл-күйі біздің басты мақсатқа ілгерілеуіміздің маңызды индикаторы болуға тиіс», - деп атап көрсеткен болатын (Nazarbayev, 2014: 7).

Ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың нысаналы индикаторларының бірі даму әлеуеті жоғары ауылдардың санын арттыру болып белгіленді. Ауылдық елді мекендердің 2010 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысына жүргізілген мониторинг әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендер санының өсу үстінде екендігін көрсетті.

Материалдық өндіріс қарқындап өскен сайын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық саласында шикізаттарға, энергияға, тасымалдау, материалдық-техникалық, техника жөндеу қызметтеріне, сондай-ақ ғылыми, ақпараттық, зат сақтайтын орындарға деген қажеттілік арта түседі. Осындай қажеттілік негізгі өндірістен қызмет көрсетуші қосымша бір салалардың бөлініп шығу мүмкіншілігін тудырады. Себебі қызмет көрсетуші сала дамымай, бірде-бір кәсіпорын, бірде-бір халық шаруашылық негізгі саласы өркендей алмайды. Инфрақұрылымдарды негізгі салалармен салыстырғанда өздеріне тән ерекшеліктері бар. Олар өздігінен ешқандай өнім өндірмейді, бірақ осы инфрақұрылымдардың қатысуынсыз ешбір жаңа өнім өндірілмейді, сондай-ақ түпкі өнім пайда болмайды. Олар негізгі салаларға қызмет көрсетуі арқылы жұмыстың түпкі нәтижесінің тиімді болуына көп жағдайда себепкер болады (Afanasyeva, 2008: 68).

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында ауылдық елді мекендерді білім беру нысандарымен қамтамасыз ету деңгейі өсіп, ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Соның ішінде бірыңғай ақпараттық кеңістік құру үшін ауылдық білім беру ұйымдарын Қазақстанның бірыңғай білім беру жүйесіне телекоммуникациялық желілер және интернет арқылы қосу жөнінде көптеген жұмыстар атқарылды.

Ауылдарды денсаулық сақтау нысандарымен қамтамасыз ету көрсеткіші жақсарып, олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Ауылдық дәрігерлік амбулаториялар, ауылдық учаскелік және аудандық орталық ауруханалар олардың емханалық бөлімшелерімен бірге бекітілген нормативтерге сәйкес медициналық құрал-жабдықтармен және санитарлық автокөлікпен қамтылды. Аудандық және облыстық орталық ауруханаларда халқының саны аз шалғай орналасқан елді мекендерге қызмет көрсету үшін штаттық жылжымалы дәрігерлік амбулаториялар құрылды. Ауыл халқына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдардың тәжірибесіне телемедицина енгізілді.

Орталықтандырылған ауыз су жүйесі бар ауылдық елді мекендердің үлесі 13 пайызға өсіп, ондағы ауыл тұрғындары сапалы ауыз суға қол жеткізді. Ал тасымалды суды пайдаланатын ауылдардың саны 517-ден 189 бірлікке дейін кеміді. Орталықтандырылған электр қуатына қосылмаған ауылдардың саны азайып, табиғи газбен қамтамасыз етілген ауылдық елді мекендердің саны артты. Барлық ауылдар телефон байланысымен қамтылды.

Ауылдарды заманауи телекоммуникациялық қызметпен қамтамасыз ету үшін каналдар санын көбейте отырып, шалғай аудандарда спутниктік жүйе енгізілді. Бүгінгі күні еліміздің барлық ауылдары радиохабарлармен және телекөрсетіліммен қамтылған. Осы жылдары ауылдық пошта байланысының материалдық-техникалық базасы едәуір күшейтіле түсті.

2009-2010 жылдары «Жол картасы» бойынша ауылдық жерлерде мәдениет нысандарына, кентішілік жолдарға, суару каналдарына, білім беру,

денсаулық сақтау нысандарына және жергілікті маңыздағы автокөлік жолдарына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, көптеген ауылдар абаттандырылды.

Ауыл халқын оңтайлы жайғастырудың үлгісін әзірлеу бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Олардың шеңберінде ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан елуден астам нормативтер мен әдістемелік ұсынымдар әзірленді, статистикалық есеп нысандарына өзгертулер енгізілді. Әрбір ауыл бойынша ауыл тұрғындарының табыстарының көрсеткіштерін статистикалық есепке алу жөнге келтірілді, олардың әлеуетті сыйымдылығы анықталды.

Ауылдың инфрақұрылымын жақсартудағы мемлекеттің соңғы құжаттардың бірі - Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіп кешінің дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы. Бұл бағдарламаның нысаналы индикаторлары мына төмендегіше сипатталады:

- агроөнеркәсіп кешені субъектілерін субсидиялау арқылы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 2020 жылға қарай 4,5 есе арттыру;

- агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің қарыздық жүктемесін қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау есебінен 300 млрд. теңге жалпы сомасына кемінде 8 жылға ұзарту;

- кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралар есебінен агроөнеркәсіп кешені тартылған мемлекеттік емес кредиттік қаражат көлемі 2013-2020 жылдары 2 трлн. теңгеге дейін;

- карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдер таралуының қауіптілік коэффициентін 2020 жылға қарай 0,88-ге дейін төмендету;

- мониторингтік зертханалық зерттеулерге ұшырайтын тамақ өнімдерінің үлесін 2020 жылға қарай 0,4 %-ға дейін ұлғайту;

- электрондық форматқа көшірілген мемлекеттік қызметтер үлесі 2015 жылға қарай 62%.

Инфрақұрылым – бұл экомиканың өндірістік және өндірістік емес салаларына қызмет ететін шаруашылық салалар жиынтығы. Инфрақұрылым өндіріс дамуы мен оның тиімділігінің артуына тікелей әсер етеді. «Инфрақұрылым» және «әлеуметтік инфрақұрылым» категориялары қоғамның өндірістік күштерінің дамуы мен өндіріс үдерісі негізінде құрылады, және де олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымына кіретіндер: тұрғын және коммуналды шарушылықтар, тұрмыс қызметтері, мәдениет сарайлары, тұрғындарға қызмет ететін көлік, мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі, ауруханалар, медпунктер және т.с.с. (Afanasyeva, 2008: 107)

Инфрақұрылымның қызмет көрсету, әр деңгейінің ерекшеліктеріне байланысты ғалымдар әр түрлі топтарға жіктеп қарастарған. Белгілі отандық ғалым Ж.Б. Балапанов (Balapanov, 2004: 58) агроөнеркәсіп кешенінің инфрақұрылымын өндірістік және әлеуметтік тұрмыс инфрақұрылымы деп бөліп көрсетсе, Ресейдің

кейбір ғалымдары (Shayahmetov, 2000: 183), инфрақұрылымды төмендегідей тұжырымдармен дәйектейді. Инфрақұрылым өндірістік және әлеуметтік болып бөлінеді, бірақ бұлай бөліну кейбір жағдайларда белгілі бір қиыншылықтарды тударады: кейбір инфрақұрылым объектілері бір уақытта екі жақты қызмет атқара алады: олар өндірістің дамуына да, адамның толыққанды өмір сүруіне де жағдай жасайды, сондықтан оларды бір уақытта инфрақұрылымның элементтері ретінде - өндірістік немесе әлеуметтік инфрақұрылым тұрғысынан қарастыруға болады. Мысалы, жолдар, территорияны жарықпен, сумен, жылумен және газбен қамтамасыз ететін инженерлік объектілер, телефон желілері мен байланыстардың басқа түрлері, басқару, қаржыландыру, несиелеу, сақтандыру органдары, басқа институционалды құрылымдар және т.б.

Соңғы уақытта инфрақұрылымның жіктелуі біршама кеңейді. Өткен ғасырдың 80- жылдары мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару, жоспарлау, қаржыландыру, несиелеу, сақтандыру органдарын өзіне кірістіретін институционалды инфрақұрылым басқа түрлерінен ерекшелініп, бөлініп шықты. 90-жылдары өндірістік қатынастардағы трансформациялық өзгерістер, ғылыми-техникалық прогресстің жаңаруына байланысты инфрақұрылым бірнеше түрге бөлінеді, кейін терминологияға «нарықтық», «инновациялық», «инжинирингтік» инфрақұрылымдары, «кәсіби қолдау инфрақұрылымы» және басқа ұғымдар енді.

Инфрақұрылымның жаңа түрлеріне нарықтық инфрақұрылым – нарықтың қалыпты қызмет жасауын қамтамасыз ету мақсатында - сатушы мен сатып алушы арасындағы өзара тиімді байланыс орнату, кәсіби шеберлікті шыңдау; инновациялық инфрақұрылым – қазіргі заманғы өндірістік, қаржы-экономикалық және әлеуметтік технологияларды, өнімнің жаңа түрлерін басқару мен шаруашылықты ұйымдастырудың жаңа әдістері мен түрлерін қалыптастыру және өндіріске тарату; инжинирингтік инфрақұрылым - технико-экономикалық жобалардың негіздерін, ғылыми іздену және жоба жұмыстарын жүргізу, іс-әрекеттерді ұйымдастыруды бақылау және кеңес беру және т.с.с. жұмыстарды кірістіретін инженерлік-консультативтік қызмет көрсету; ақпараттық инфрақұрылым - қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, каналдар мен қоймаларды, қоғамның белсенділігінің құқықтық және қаржы-экономикалық базасын құру негізіндегі тиімді ақпараттық белсенділікті қамтамасыз ету; кәсіби-кеңес беру инфрақұрылымы - басқару бойынша кеңес беруді (менеджмент-консалтинг), кәсіпорындар мен жеке қожалық субъектілеріне өндірісті ұйымдастыруды, өнімді өндіруді, аудит, бухгалтерлік және құқық бойынша кеңес беруді кірістіретін кәсіби қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Ауылды дамытудың өзекті мәселелері ішінде ауыл тұрғындарының тіршілік қажеттіліктерін қанағаттандырудың негізі болып табылатын, әлеуметтік инфрақұрылым басты орын алады. Қазіргі уақытта ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымы нарықтық қатынастарға сәйкес толық қалыптаспағандығын көрсетіп отыр. Нарық жағдайында ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту – шешілмей қалған мәселелердің бірі.

Ауылдың дамуы, әрі ауылшаруашылық өндірісінің дамуы мен тиімділігі әлеуметтік жағдайларға байланысты екені белгілі. Бұрын, ауылдың барлық инфрақұрылымы, негізінен, жойылып кеткен кеңшарлар есебінен жүргізілген. Жаңа нарық жағдайында кәсіпорын мен әлеуметтік инфрақұрылым ұйымдарының біріге қызмет етуі меншік қатыныстарын жетілдіруді талап етеді. Нарықтық қатынастарға жаңа меншік иелерінің және жаңа типті кәсіпорындардың пайда болуы тән. Ал сол жаңа кәсіпкерлер мен кәсіпорындар мол пайда табу жолында әлеуметтік инфрақұрылым туралы мәселелерді шеше алмай келеді. Сондықтан да мемлекет тарапынан осы кәсіпорындарды олардың орналасқан ауылдарының инфрақұрылымын жақсартуға міндеттеуді экономикалық реттеу қажет.

Экономикалық өсудің жалпы тұрпатында қала және ауыл тұрғындарының өмір деңгейінде сәйкессіздіктер белең алып отыр, сонымен қатар табыстарында да үлкен айырмашылықтар бар. Ауылда халықтың 47 пайызы өмір сүреді десек, олардың 18 пайызының табысы өмір сүру деңгейінен төмен. Ауыл халқының кедей болуының негізгі себебі үй шаруашылығының өнімділігі мен табыстылығын арттыру үшін қаражат табу мүмкіндігінің шектеулі болуы.

Ауыл шаруашылығы мен оның инфрақұрылымын жандандыру шараларының бірі ретінде Қазақстанның индустрияландыру картасының жалпы құны 139,1 млрд. теңгені құрайтын, 7,0 мыңнан аса жұмыс орнын ашатын агроөнеркәсіптік кешен саласының 140 инвестициялық жобасы іске асырылып жатқанын атап өткен жөн. Белгіленген жобалардан республикалық индустрияландыру картасына – 32 жоба және аймақтық индустрияландыру карталарына 108 жоба бөлінген. Аталған жобалар «ҚазАгро «ҰБХ» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарының қаржысы, жоба бастаушыларының жеке қаржысы, екінші деңгейлі банктердің несиелері және заңнамамен рұқсат етілген көздер есебінен қаржыландырылады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің берген ақпаратына сүйенсек, мал шаруашылығында құны 60,7 млрд. теңгені құрайтын 46 жоба, қайта өңдеу саласында құны 42,5 млрд. теңге болатын 58 жоба, өсімдік шаруашылығында құны 22,8 млрд. теңгелік 32 жоба, балық шаруашылығында 0,7 млрд. теңгенің 3 жобасы, су шаруашылығында 2,5 млрд. теңгенің 1 жобасы жүзеге асырылуда.

Азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту және ауыл тұрғындарын ауыз сумен қажетті мөлшерде және кепілді қамтамасыз ету мақсатында ел Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы №93 қаулысымен 2002 – 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» бағдарламасы бекітіліп, жүзеге асырылды. Аталған әлеуметтік мәселені түбегейлі шешу үшін Үкімет 2011 – 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасын қабылдады. Бағдарламада 2020 жылға қарай орталықтандырылған сумен ауылдық елді мекендердің 80 пайызын, қалаларда 100 пайызын қамтамасыз ету көздеген.

Алайда, еліміздің агроөнеркәсіптік кешені мен оның инфрақұрылымын жақсартуда әлі де болса, бірқатар кемшіліктер бар, олар – саланы құрылымдық-технологиялық жаңғырту қарқынының төмен болуы, нарықтық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауар өндірушілер болып

келуі, саланың қаржылық тұрақсыздығы, саланы дамытуға және инфрақұрылымды дамытуға тартылатын жеке инвестициялардың жеткіліксіздігі, білікті кадрлардың тапшылығы. Сонымен қатар, саланың инвестициялық қызметіне әсер еткен қаржы, ал одан кейін азық-түлік дағдарысы қосымша проблемалар тудырды. Бүгінгі күні алдымызда үлкен жауапты міндет тұр, ол – экономиканың аграрлық секторын сапалы да жаңа даму деңгейіне көтеру, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, сол арқылы оның бәсекеге қабілеттілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету. Бұл, әсіресе, Ресей, Беларусь елдерімен кедендік бірігу жағдайында, ал кейіннен Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру кезінде өзекті болып табылады.

## ADEBIETTER

AFANESYEVA E.P. (2008), *Razvitiyr socialnoi infrastrukturi selskih poselenii*. Vestnik Samarskogo gosudarstvenogo universiteta, Samara № 7.

BALAPANOV J.B., (2004), *Agroonerkasıp keşen uymdastıru*, Almatı: Ǵılım

NAZARBAYEV N.A., (2014), *Kazakstan jolı – 2050: Bir maksta, bir mudde, bir bolaşak*. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Kazakistan cumhurbaşkanının kazak halkına seslenişi, Astana 17 ocak.

SHAYAHMETOV İ.T., (2000), *Razvitiye socialnoi infrastrukturi sela*. Ufa: Sila.